

ӘОЖ 343.412

ГЕНОЦИД ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЛМЫС РЕТІНДЕ

Айболатова Диана Айболатовна

dajbolatova@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, халықаралық құқық мамандығының 2
курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к. доцент Муратханова М.Б

XX ғасырда ғаламшар тарихында гуманизм негіздерін бұзылып, адам өмірі мен қадір-қасиетінің құндылықтарының құлдырауы сияқты бірқатар қорқынышты көріністер байқалды. Бұл көріністер Осман империясындағы армяндардың геноцидінен басталынып (1915 ж.), Еуропадағы (1933-1945 ж.) еврейлердің геноциді, Руанда, бұрынғы Югославия мемлекеттерінің аумағында, Оңтүстік Судан және т. б. болды. Мұндай әрекеттер геноцид актілерін болдырмау құралдарын қалыптастыруға қажеттіліктің туындауына негіз болды.

Адамзатқа қарсы жасалатын қылмыстардың бірі - геноцид, бұл белгілі бір этникалық топқа жату негізінде адамдарды жою саясаты. Геноцид - белгілі бір қоғамдастыққа жататын адамдар тобын жоюға бағытталған қасақана және жоспарланған қылмыс. Геноцид терминін поляк заңгері Р. Лемкинмен Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде гитлерлік Германияның саяси және әскери басшылығы еврейлерге қатысты жасалған арнайы ниетпен біріккен

қылмыстық әрекеттерді белгілеу үшін ұсынды. Ол нәсілдік, этникалық, діни және әлеуметтік қоғамдарды жоюға бағытталған әрекеттерді халықаралық қылмыс деп қарастырып, осы қылмысты құрайтын әрекеттерді екі топқа бөлуді ұсынды:

а) адамдардың өміріне қарсы бағытталған немесе осы топтың өмірінің экономикалық негізіне нұқсан келтіретін варварлық әрекеттер;

б) балаларды бір топтан екінші топқа ауыстыру салдарынан мәдени құндылықтар мен тарихи мұраны жоюмен сипатталатын вандализм актілері; ана тілін қолдануға тыйым салу; олардың мәдениетін жою және т.б

Р.Лемкиннің ойынша геноцид бір мемлекеттің билігімен өз азаматтарына, бодандарына қатысты жүргізілді, сондықтан ол халықаралық жазалауды және бақылауды қажет етті. Р. Лемкин мемлекеттің осындай саясатының мысалдары ретінде армяндардың, гректердің, ассирийлердің геноцидін және поляктар мен еврейлерге қатысты патшалық Ресейдің саясатын мысал келтірді.

Геноцид грек тілінен аударылғанда. *genos* ("халық", "тайпа") және лат. *caedere* ("өлтіру») деген мағынаны білдіреді.

«Геноцид» термині екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін халықаралық құқықтық және саяси тәжірибеде белсенді қолданыла бастады. Ол туралы 1945 - 1946 жылдары Нюрнбергтегі Халықаралық әскери трибуналда сөз қозғалды.

Геноцид терминінің пайда болуы адамзаттың саяси және құқықтық санасының дамуымен, сондай-ақ гуманитарлық құндылықтардың дамуымен байланысты. Ұзақ уақыт бойы әскери әрекеттерді ресми және бейресми реттеуде белгілі бір нормалар болды. Көрнекті заңгер Гуго Гроций оларды «соғыс ережелері» деп атады.

Геноцид қылмысының анықтамасын беріп және осы әрекет қылмыс болып табылатынын жариялаған алғашқы халықаралық құжат 1946 жылғы 11 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының №96 (I) қарары болды. Халықаралық-құқықтық акт деңгейінде геноцид қылмысының түсінігі 1948 жылғы 9 желтоқсандағы геноцид қылмысының алдын алу және оған жазалау туралы Конвенцияда көрсетілді.

2005 жылдан бастап БҰҰ жанында геноцидтің алдын алу жөніндегі арнайы кеңесші институты жұмыс істейді.

Арнайы кеңесші геноцид, әскери қылмыстар, адамзатқа қарсы қылмыстар қауіп туындауы мүмкін жағдайлар туралы ақпарат жинайды. Арнайы кеңесші сондай-ақ ақпаратты Бас хатшының назарына жеткізу үшін, ал ол арқылы Қауіпсіздік кеңесіне, сондай-ақ геноцидтің алдын алу немесе жолын кесу жөніндегі шаралар туралы ұсынымдарды әзірлеу үшін жауапты болады.

Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы 1948 жылғы Конвенцияда геноцид халықаралық қылмыс деп танылады.[1]

Конвенцияға сәйкес "геноцид оның бейбіт немесе соғыс уақытында жасалатынына қарамастан, халықаралық құқық нормаларын бұзатын және оларға қарсы олардың алдын алу шараларын қабылдауға және оны жасағаны үшін жазалауға міндеттенетін қылмыс болып табылатынын растайды".

Сонымен қатар, бұл конвенция геноцид қылмысы үшін жауапкершілікті енгізіп, осы қылмыстың мазмұнын аша отырып, қылмыстың алдын алуға барынша аз көңіл бөледі. Реттеудің негізгі тетіктері осы міндетті жүзеге асыру кезінде кінәліні жауапкершілікке тартуға және мемлекеттердің өзара іс-қимылына бағытталған.

Сөзсіз, геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы Конвенцияның нормасын Конвенцияның әрбір қатысушысы Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының ережелеріне сәйкес геноцид актілерінің алдын алу мақсатында қажетті барлық шараларды қабылдау талабымен Біріккен Ұлттар органына жүгіне алады деп есептеуге болады. Ол тікелей БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі болып табылады.

Қазіргі уақытта геноцид халықаралық түсінігінің түпкілікті нұсқасы Халықаралық Қылмыстық Соттың Рим Статутының 6-бабы болып табылады.

Геноцид-бұл қандай да бір нәсілдік, ұлттық, этникалық немесе діни топтарды:

- осы топтың мүшелерін өлтіру;
- ауыр дене жарақаттарын келтіру немесе ақыл-есінің бұзылуына дейін жеткізу;
- тұру үшін мүмкін емес жағдайлар жасау;
- бала тууды тоқтатуға бағытталған шараларды қолдану,
- сондай-ақ балаларды бір топтан екіншісіне күштеп беру жөніндегі шараларды

қолдану арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған іс-әрекеттер.

Геноцид қылмысының ерекшелігі-ол бір мезгілде адамның заңды құқықтары мен бостандықтарының халықаралық құқығымен қорғалған көптеген тікелей объектілерге қол сұғады.

Геноцидтің қоғамдық қауіптілігі осы қылмысты құраушы әрекеттердің нәтижесінде дәстүрлердің, өмір сүру салты мен мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерімен, тіршілік әрекетінің өзге де ерекшеліктерімен сипатталатын белгілі бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни адамдар тобының өмір сүруін толық немесе ішінара тоқтатуы мүмкін.

Мұндай қылмыс абайсызда жасалуы мүмкін емес. Геноцид әскери және бейбіт уақытта жасалуы мүмкін. Бұл қылмысты жасауға кінәлі адамдар олардың мемлекеттік қайраткерлер, лауазымды немесе жеке адамдар болып табылатындығына қарамастан жазалауға жатады. Оларды аумағында геноцид жасалған мемлекеттің соты немесе Конвенцияға қатысушылар құруы мүмкін халықаралық соты соттауы тиіс. Мемлекет геноцид қылмысын жасады деп айыпталған адамдарды ұстап беру және бұл қылмысты саяси деп есептемеу міндеттемесін өзіне алды. Геноцидке кінәлі адамдарға баспана құқығы қолданылмайды.

1948 ж. геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы Конвенцияның III бабы геноцид жасау ниетімен сөз байласуды, геноцид жасауға тікелей және жария түрде арандатуды, геноцид жасауға оқталуды және геноцид жасауға қатысуды жазалайтындарын ескертеді.[1]

Геноцид үшін жауапкершілік "ол бейбіт немесе соғыс уақытында жасалатынына" (Конвенцияның I-бабы) қарамастан туындайды.

Геноцид саяси қылмыс ретінде қарастырылмағанын ескере отырып, осы құқық бұзушылықты жасаған адамды ұстап беру, экстрадициялау осы конвенцияны қабылдаған мемлекеттердің міндеті болып табылады (VII бап).[1]

1968 ж. геноцид қылмысын жасағаны үшін әскери қылмыстар мен адамзатқа қарсы қылмыстарға ескіру мерзімінің қолданылмауы туралы конвенцияда ешқандай ескіру мерзімі қолданылмады.

Геноцид қылмысының негізгі қайнар көздері:

- 1948 жылғы 9 желтоқсандағы геноцид қылмысының алдын алу және оған жазалау туралы конвенция;
- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт;
- 1968 жылғы 26 қарашадағы адамзатқа қарсы әскери қылмыстарға ескіру мерзімінің қолданылмауы туралы Конвенция;
- 1998 жылғы 17 шілдедегі Халықаралық қылмыстық соттың Рим статуты сияқты халықаралық заңдар жатады;

20 ғасырдағы геноцидтің ең танымал фактілері:

- 1904-1907 жылдардағы герро мен нама тайпаларының геноциді.
- 1915-1923 жылдардағы Осман империясында христиандарды жою және депортациялау. Константинополь полиция басқармасының өкілдері 1915 жылдың 24 сәуіріне түнде Астананың ең көрнекті армяндарының үйлеріне басып кіріп, оларды тұтқындады. Бірнеше күн ішінде сегіз жүз адам қамауға алынды. Батыс Арменияның және Осман империясының басқа да провинцияларының армяндарын жаппай жою және жер аудару Түркияның билеуші топтары жүзеге асырды. Армян халқы 1918 жылдың қыркүйегіне дейін созылды. Келесі үш жыл ішінде 1,5 млн. астам армян қайтыс болды, қалғандары қашып, түріктер Месопотамияға, Ливан, Сирияға шөлдер арқылы қоныс аударды, онда

олардың көпшілігі аштықтан және аурулардан қаза тапты. Бір миллионнан астам армян босқындары бүкіл әлем бойынша шашыранды.[2,3]

Геноцид үлкен қоғамдық қауіптілікпен сипатталады және халықаралық қылмыс ретінде танылады. Осы қылмыс құрамының ерекшелігі - оған қарсы күрес екіжақты және көпжақты халықаралық келісімдер негізінде жүргізіледі. Осы келісімдерге қатысушы мемлекеттер өз елдерінің ұлттық қылмыстық құқығында осы қылмыстық әрекетке тыйым салу мен жазалау шараларын белгілеу бойынша міндеттемелер алады.

Геноцидке қатысты ескіру мерзімі қолданылмайды. Бұл БҰҰ-ның 1968 жылғы 26 қарашадағы «Әскери қылмыстар мен адамзатқа қарсы қылмыстарға ескіру мерзімін қолдану мүмкін еместігі туралы» конвенциясында бекітілген.[4]

Қылмыстың объектісі адамгершілік пен адамзат негіздері, яғни ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтардың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады. Халықтың жеке ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни тобы болып табылады.

Геноцид қылмысының объективтік жағы:

- нәсілдік, ұлттық, этникалық немесе діни белгілері бойынша халық топтарын өлтіруді, дене бітімін жою;
- барлық халықты немесе оның жекелеген топтарын жойып шығару үшін қоғамға әлеуметтік-экономикалық әсер ету;
- осындай топтардың ортасында бала тууды тоқтату үшін биологиялық әсер ету;
- халықтар мен этностық топтар өмірінің тілдік мәдени және рухани негіздерін жою.

Геноцид қылмысының субъективтік жағы: қасақаналықпен жасалынады.

Геноцид субъектісі 16 жасқа толған кез келген жеке, есі дұрыс тұлға болуы тиіс.

Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы 1948 жылғы Конвенцияда геноцид халықаралық қылмыс деп танылады.

Статуттың 6-бабы Халықаралық қылмыстық соттың юрисдикциясына геноцидті қамтиды. III бапта «жазаланатын әрекеттер» немесе геноцид қылмысына қатысудың түрлері келтірілген:

1. геноцид;
2. геноцид жасау туралы қастандық;
3. геноцид жасауға тікелей және қоғамдық ынталандыру;
4. геноцидке әрекет жасау;
5. геноцидке қатыстылық.

Геноцидтің келесі әдістерін атап өтуге болады:

1) өлтіру арқылы геноцид.
2) ауыр дене жарақатын салу немесе ақыл-есінің бұзылуы арқылы геноцид. Мұндай мінез-құлыққа азаптау, зорлау, жыныстық зорлық-зомбылық немесе адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

3) толық немесе ішінара физикалық жоюға есептелген күрделі өмір жағдайларын қасақана жасау жолымен геноцид.

Геноцидтің барлық нысандары адамның негізгі құқықтарын қозғайтын аса ауыр халықаралық қылмыстар болып табылады. 1948 ж. геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенция геноцид қылмысын жасағаны үшін нормативтік жауапкершілікті көздейді. Конвенция геноцидті халықаралық құқықты бұзатын және Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттарыны мен принциптеріне қайшы келетін қылмыс ретінде қарастырады.

2004 жылғы 7 сәуірде Руандадағы геноцидтің 10-жылдығы кезінде БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан геноцидтің алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспарының бес тармағын атап өтті:

1. әдетте геноцид үшін жағдай жасайтын қарулы жанжалдардың алдын алу;

2. қарулы жанжалдарда азаматтық адамдарды, оның ішінде БҰҰ бітімшілерін қорғау;
3. ұлттық және халықаралық соттарда сот істері арқылы жазасыздықты тоқтату қажеттігі;
4. ақпарат жинау;
5. сондай-ақ әскери іс-қимылдарды қоса, ерте алдын алу жүйесін құру.

Геноцид - бұл ауыр халықаралық қылмыс, мемлекеттер мен халықтардың бейбіт қатар өмір сүруіне қауіп төндіретінін, миллиондаған адамдар мен халықтардың тағдырын бұзатындығын, сондықтан адамзаттың қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіретінін атап өткен жөн.

Геноцидтің пайда болуына ықпал ететін құбылыстардың белгілері ғана пайда болған кезде геноцид көріністерінің алдын алу қажет. Мұндай құбылыстардың қатарына нақты мемлекетте ұлттық, діни немесе мәдени топқа қатысты дегуманизация саясатын қалыптастыруды, заңнамаға халықтың қандай да бір топтарының шаруашылық қызметін шектеуге бағытталған кемсітушілік шараларын енгізуді, сот жүйесі мен құқық қорғау органдары жүйесін қорғаудан алыстатуды, қандай да бір қоғамдық топтар мен т.б. өкілдері үшін мемлекеттік лауазымдарға орналасуға тыйым салуды жатқызуға болады. Сонымен қатар, алдын алу шараларын қолдану мемлекеттің ішкі істеріне араласуға жол бермеудің табиғи проблемасымен ұштасады. Өйткені, мемлекеттің ішкі саясатын бағалау геноцидтің шарасыздығы туралы айтуға әрқашан мүмкіндік бермейді. Өз кезегінде мемлекеттің ішкі саяси қызметі саласына басып кіруді мемлекеттің ішкі істеріне араласпау қағидатын бұзу ретінде түсіндіруге болады. Мысалы, 1982 жылы Ирак басшылығының Ирак курдтарына қатысты химиялық қаруды қолданғаны туралы ақпарат белгілі болғанына қарамастан, пәрменді шаралардың қабылданбауы іс жүзінде көптеген құрбандыққа алып келді. Бұл әрекет Хусейнмен және Иранның өзге басшыларымен сот процестері кезінде кейінірек геноцид ретінде қарастырылды.

Геноцид актілері әдетте соғыс кезінде орын алатынын ескере отырып, геноцид ықтималдығын азайтудың ең жақсы тәсілдерінің бірі қарулы қақтығыстардың себептерін жою болып табылады. Мұндай шаралардың ішінде этникалық және діни белгілер бойынша кемсітушіліктің алдын алу, ресурстарға қол жеткізуге қатысты теңсіздікті жою жанжалдардың алдын алуға ықпал ететін аса маңызды стратегия болып табылады. Мұндай жағдайда қақтығыстарды болдырмау үшін басты жауапкершілік ұлттық үкіметтерге жүктеледі.

Сондай-ақ, тағы да бір әдіс сот әрекеттерін пайдалану деп аталады. "Адамдарды геноцид қылмыстарынан ұстау үшін мұндай қылмыстарға кінәлілер жауапкершілікке тартылуы тиіс" деген пікір сөзсіз дұрыс болып табылады.

Қазіргі уақытта геноцид актілерін жасаған қылмыскерлерді жауапкершілікке тарту үшін сот органдарының үш түрі жұмыс істейді: Халықаралық қылмыстық сот, мамандандырылған халықаралық трибуналдар (бұрынғы Югославия бойынша Халықаралық қылмыстық сот, Руанда бойынша Халықаралық қылмыстық трибунал), мемлекет пен БҰҰ арасындағы уағдаластық бойынша құрылған арнайы соттар.

Геноцидтің адамзатқа қарсы ауыр қылмыс ретіндегі ерекшелігі, оның көптеген қанды және қорқынышты салдары болатындығында, ондаған жылдар, ғасырлар, тіпті мыңдаған жылдар өткен соң кейінгі ұрпақтар болған оқиғаларды есте сақтайды. Бір ұлттың геноциді бүкіл адамзат үшін қасірет, және мұндай қайғылы жағдайдың әлемдегі кез-келген ұлтпен қайталануының алдын-алу және болдырмау үшін есте сақтау ғана емес, сонымен бірге жасалған геноцидтерді танып және тиісті жазалау шараларын қабылдау керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. "Конвенция о предупреждении преступления геноцида и наказании за него" (09.12.1948);

2. Абашидзе, А.Х. Нюрнбергский процесс и прогрессивное развитие международного права / А.Х. Абашидзе, А.М. Солнцев // Международное право – International Law. – 2006;
3. Глотова, С.В. Преступление агрессии и Римский статут Международного уголовного суда / С.В. Глотова // Международный уголовный суд: проблемы, дискуссии, поиск решений / под ред. Г.И. Богуша, Е.Н. Трикоз. – М.: Европейская Комиссия, 2008;
4. Дмитриевский, С. Международное уголовное право / С. Дмитриевский;
5. Аванесян В.В. Нюрнбергский трибунал и геноцид // Общество и право. 2011. № 3.